

БІЛІМ



Ғылыми – ӘМІР ШЫРАФЫ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 12 сәуір – Ғылым қызметкерлерінің күні атап етілді. Іс-шараға оқу орнының галымдары мен профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлері қатысты. Оқу орнының Басқарма төрағасы – ректор м.у.а Қайрат Нұрманбетов салтанатты шараны ашып, галымдарды мерекемен құттықтады.



Университетімізде 2 ғылыми-зерттеу институты, 17 ғылыми-зерттеу зертханасы, 6 ғылыми орталық жұмыс істейді. Сонымен қатар оқу ордамызыда 83 ғылым докторы, 480 ғылым кандидаты, 113 PhD доктор қызмет атқарады. Университет өткөн жылды Золындық мерейтоййын атап етті. Мерейтой қарсанында оқу орнымызға Зерттеу университеті мәртебесі берілді. Бул біз үшін зор жетістік, үлкен абырай болды. Галымдардың зерттеулерінің тынысы ашылып, оларға тың серпін берді. Алдағы уақытта университетіміз бұдан да үлкен белестерді бағындыратынына сенімім кәміл және баршаңызды ғылым қызметкерлері құнімен құттықтаймын! – деді Қайрат Енбекшұлы.

Сондай-ақ техника ғалымдарының докторы, профессор Жамбыл Эйменов пен PhD доктор Бахыт Смайлұс әріптестеріне жүрекжарды пікірлерін арнап, айшықты мерекемен құттықтады.

Салтанатты шара барысында 5 ғалымға ҚР ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасы және 7 ғалымға Алғыс хат табыс етілді. 11 ғалымға қаржылай сыйақы берілсе, 15 ғалым Басқарма төрағасы – ректордың Құрмет грамотасымен, сондай-ақ 14-і Алғыс хатпен марапатталды.